

Қазақ халқының мейірімділігі

Бұл мақалада Қазақ халқының ұлттық психологиясы, отбасылық тәрбиесі, қонақжайлылығы мен мейірімділігі, Қазақстан Республикасында өмір сүріп еңбек ететін өзге ұлттарға қуғын-сүргін кезеңіндегі көрсеткен көмектері туралы жазылған еңбектер мен мақалалар оқиғалары келтіріледі.

Қазақ халқы аса қонақжай халық, оның айғағы шаңырағына келген кісіні танымаса да «құдайы қонақпын» деген адамды құрметпен қарсы алып ас-суын берген. Хақымызда қонақ күту жауапты істердің бірі, сондықтан қонақты қарсы алмау, жақсы күтпеу – ұят. Халқымызда «қырықтың бірі қыдыр» деген сөз бар, осы аталған сөздің мағынасы өте терең. Ата-бабаларымыз «Қонақпен бірге үйге құт, ырыс келеді, қонақты үйден қусаң, құт, ырыс, қашып кетеді» деп ырымдаған.

Мақала жазу барысында өртүрлі дереккөздер, ғылыми еңбектер, баспа беттеріндегі материалдар, мұрағат деректері негізінде жазылған және жарияланған тарихи еңбектер қарастырылды.

Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес, Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді. Қазақ халқының жанашырлығы мен көмегінің арқасында олар жан сақтап, аман қалды. Зұлмат жылдардың қасіретін тартқан ұлттардың ұрпақтары бүгінде біздің халқымызға алғысы шексіз.

Қазақ жеріне бірнеше ұлт өкілдері, яғни немістердің 38%-ы, шешен мен ингуштардың 83%-ы, көрістердің 59%-ы, балқарлардың 55%-ы, қарашайлардың 58%-ы, гректердің 76%-ы, күрдтердің 62%-ы күшпен қоныс аударылды. Қоныстанушылар іс жүзінде Қазақстанның барлық облыстарына орналастырылды және ІХХ-нің мынадай нұсқауларын орындады: «құпия тапсырмалар бойынша шет мемлекеттің агенттері мен байланыс жасамау үшін «сенімсіз халықтарды» шекаралық аймақтарға орналастырмау; қашып кетпес үшін теміржолдардан алыс жерлерге орналастыру; бақылауға ыңғайлы болу үшін, топтастырып орналастыру.

Сонымен бірге олар әрдайым комендатураға барып, белгіленіп тұруы тиіс болды.



Сурет 1 – Қазақ жеріне еріксіз қоныс аударуға мәжбүр болған этностардың көшірілуі

Қазақстанда қоныстанушыларды клубтарға, бос қалған

мешіттерге, ат қораларға, шошқа қораларға, қоймаларға орналастырылып, мұндай орындар да жетпей қалғандары ашық аспан астында өздеріне жертөпелер қазып алды. Қоныстанушылар арасында эпидемиялық жұқпалы аурулар – іш аурулары, қызылша, дизентерия кең тарап, оба және тырысқақ аурулары, бит басу күшейіп кетті.

Климаттың күрт ауысуы, өте ауыр тұрмыс жағдайы, нашар

тамақтану, антисанитарлық жағдайда өмір сүру қоныс аударушылар арасындағы өлімді көбейтіп жіберді. Бұл жеңілдіктері ІХХ-нің қызметкерлерінің құпия мәліметтерінде: «Мұндай жағдайға жеткізуге болмайды, бұл – қылмыс», - деп жаз-

ған. Мұндай жағдайды жылқылар да көтере алмаған, сол себепті ІХХ қызметкерлері жұмыс істеу үшін әлдеқайда төзімді өгіздерді жіберулерін сұраған. Зорлықпен көшірілген халықтар қилы заманда Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, бастарынан қиыншылықтарды өткізе отырып, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты.

Сол уақыттағы зорлықпен қоныс аударған халықтардың біздің елімізде тұрақтап өз әдет-ғұрпын, мәдениетін сақтап қалу мен жеке этнос болуы Қазақ халқының қонақжайлылық мінезінің шаранаты.

Қазақ халқы бүгінгі ұрпаққа аманат болып қалған ұлғайыр жерімізді тек жауынгерлік мінезімен ғана емессақтап қалған жоқ, бұған Қазақ жұртының кеңпейіл, қонақжай мінезі де көп әсер етті. Мұны ата-бабаларымыз «Кең болсаң, кем болмайсың!», «Қонақпен бірге он ризық-несібе келіп, оның тоғызы сол үйде қалады» деп түсіндірген.

М.КАМБАРОВ,
тех.ғ.к. доцент,
А.ЖҮСІПБЕКОВ,
Р.ҚҰДАБАЕВ,

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың аға оқытушылары.